

Жоғары және арнаулы орта оқу орындары тұлектерінің әлеуметтік-хұқылық қорғалуы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 25 тамыз 1992 ж. N 704. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~ P020665

Жоғары және арнаулы орта білімді мамандар даярлауда шарттық қатынастарды одан әрі дамыту, оқу орындарының тұлектері жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету және әлеуметтік-хұқылық қорғалуын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жоғары және арнаулы оқу орындарына тұлектерді жасалған шарт негізінде дербес бөлу хұқы берілсін.
2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне бағынысында жоғары және арнаулы орта оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың келісуі бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асыру және жоғары оқу орындары мен техникумдарға қабылдаудың сандық көрсеткіштерін белгілеу, шартпен қамтылмаған жас мамандарды ведомствоаралық бөлуді жүргізу үшін республикада жоғары және арнаулы орта білімді мамандарға деген қосымша қажеттілікті анықтау тапсырылсын.
3. Қазақстан Республикасының жоғары және арнаулы оқу орындарының тұлектерін жұмысқа орналастыру және әлеуметтік-хұқылық қорғалуы туралы Уақытша ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

Қазақстан Республикасы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының тұлектері жұмысқа орналасуына, осы қаулымен бекітілген Уақытша ереженің орындалуына, қолданылып жүрген заңдармен жас мамандарға белгіленген барлық хұқтар мен женілдіктер сөзсіз берілуіне қатаң бақылау қоятын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 25 тамыздағы

N 704 қаулысымен

Бекітілген

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының

тұлектерін жұмысқа орналастыру және оларды

әлеуметтік-хұқылық қорғау туралы

Уақытша ереже

Осы Уақытша ереже Қазақ КСР-інің "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

I. Жалпы ережелер

1. Осы Уақытша ережені республиканың нарыққа өту кезеңінде Қазақстан Республикасының білім министрлігі, Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомстволары, оқу орындары жоғары және арнаулы орта оқу орындарының тұлектерін жұмысқа орналастыру және оларды әлеуметтік-хұқылық қорғау мақсатында қолданады.

2. Жоғары және арнаулы орта оқу орындары тұлектерінің өздерінің кәсіптік даярлығына, бейімділігі мен қабілетіне қарай шұғылданатын қызметі мен жұмыс орнын таңдауға хұқы бар. Оқу орындары кәсіпорындармен, үйымдармен және мекемелермен контракт немесе шарт жасасу негізінде даярлаған тұлектер сол негізде жұмысқа жіберіледі.

3. Жоғары, арнаулы орта оқу орнының дипломы мен жұмысқа жолдамасы бар тұлектер үш жыл бойы жас маман болып есептеледі.

Жас мамандарды аттестаттау белгіленген тәртіп бойынша үш жыл жұмыс істегеннен кейін өткізіледі.

4. Жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттердің, оқушылар мен тұлектердің өтініші бойынша халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік қызметтің, кәсіпорындардың, үйымдар мен мекемелердің деректеріне сүйеніп, бос жұмыс орындары жөнінде ақпарат береді және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі (бұл жұмыс бүкіл оқу кезеңінде жүргізіледі).

5. Жоғары және арнаулы орта оқу орнының тұлектеріне жолдама беру мен жұмысқа орналастыру ісін оқу орындарының комиссиясы жүзеге асырады, оның құрамына оқу орнының ректоры (директоры) немесе проректоры (директордың орынбасары, комиссияның төрағасы), тұлектер кафедраларының, бөлімдерінің менгерушілері, Халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік қызметтің, өздеріне мамандар даярланып жатқан кәсіпорындардың, үйымдардың, мекемелердің өкілдері кіреді.

II. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының тұлектерін жұмысқа орналастыру

6. Оқу орнының, студенттің, оқушының, тұлектің және меншік нысанына

қарамастан кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның өзара қарым-қатынастары мен жауапкершілігі маманды даярлау жөніндегі келісім бойынша реттеледі және бұл келісім түлектің жұмысқа орналасуына кепілдік береді. Жұмысқа өзі орналасу немесе халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік қызметтің көмегі арқылы орналасу балама түрі болып саналады.

Шартта тараптардың мынадай міндеттемелері көзделеді:

мамандар даярлау сапасы мен деңгейі жөнінде - оқу орнының;

оқу орнын ойдағыдай бітіріп, жеке шартта белгіленген мерзімде жұмысқа кірісу жөнінде - түлектің;

жас маманды оның біліктілігіне, кәсіптік даярлығына сәйкес жұмыспен, сондай-ақ маманды даярлауға байланысты шығындарды оқу орнымен жасасқан келісім негізінде ақы төлеудің белгіленген мөлшеріне сәйкес оқу орнына қайтара отырып, тұрғын үймен және басқа әлеуметтік қызмет түрлерімен қамтамасыз ету жөнінде - кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің.

Тараптардың жауапкершілігі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шартта белгіленеді. Шарт бойынша дау-шарлар сот тәртібімен қаралады.

7. Жоғары және арнаулы орта оқу орындары түлектерінің, студенттер мен оқушылардың жұмысқа орналасуына оқу орнының тиісті қызметі (бөлімі), салалық министрліктер, жергілікті мемлекеттік өкімет орындарының басшылары көмек көрсетеді.

8. Студенттің, оқушының өтініші бойынша өздігінен жұмысқа орналасу хұқын оқу орнының комиссиясы былайша береді:

егер түлектер бірінші және екінші топтағы мүгедектер болса немесе ата-анасының біреуі жұбайы (зайыбы) аталған мүгедек категориясына жатса;

оқу орнын аяқтар кезде жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы бар аналарға немесе әкелерге;

оқу орнын бір мезгілде бітіруші ерлі-зайыптыларға жұмыс бір қаладағы, бір аудандағы кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан беріледі; егер ерлі-зайыптылардың біреуі оқу орнын ертерек бітіріп, шарт бойынша жұмысқа жіберілсе, екіншісіне де жұмыс сол қалада, ауданда беріледі, ал егер ондай мүмкіндік болмаса, онда өздігінен жұмысқа орналасу хұқы беріледі.

9. Оқу орнының қызметі (бөлімі) түлектер кафедраларының, бөлімдерінің, студенттік ұйымдардың белсene араласуымен төмендегі міндеттерді атқарады:

студенттер мен оқушылардың меншік нысанына қарамастан кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен жасасқан жекедара шарттарын ресімдейді;

студенттер мен оқушылардың жеке ерекшеліктері мен даярлық деңгейін анықтау мақсатында тест жүргізеді және кәсіптік даярлығы мен оқу орнын аяқтағаннан кейін шұғылданғаны жөн болатын жұмыс туралы ұсыныс береді;

халықты жұмыспен қамту қызметімен, кәсіпорындармен, ұйымдармен,

мекемелермен, министрліктермен, ведомстволармен, қауымдастықтармен және концерндермен тығыз байланыста жұмыс істейді;

уақытша жұмыс іздестіру жөнінде студенттер мен оқушыларға жәрдемдеседі; мұдделі жұмыс берушілермен бірлесіп мақсатты даярлау туралы шарттар жасаспаған түлектерді таныстыруды ұйымдастырып, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі;

кадрлар даярлау туралы жасалған шарттардың орындалуын есепке алып, бақылайды;

түлектермен байланыс жасап тұрады, олардың еңбек қызметін зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысады;

еңбек нарығының конъюнктурасына талдау жасап, мамандар даярлаудың мөлшерін, құрылымы мен сапасын өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

жұмысқа жіберілгені туралы күелік, өз бетінше жұмысқа орналасу мүмкіндігі берілгені туралы анықтама (N 1, 2 қосымшалар) береді.

III. Әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер

10. Жас мамандарға оқу орнын бітіргеннен кейін ұзақтығы бір күнтізбе айға демалыс беріледі. Демалыс кезі үшін оларға айлық стипендия мөлшерінде жәрдем төленеді.

Оқу орнының түлектеріне біржолғы жәрдем беріліп, жол журу және жұкті тасымалдау құны, өзімен бірге көшіп келетін отбасы мүшелерінің шығыны, жолда жүрген уақыты үшін тәуліктік төлем жұмысқа жіберілген кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер есебінен төленеді.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жұмысқа өз бетінше орналасу мүмкіндігін алған түлектеріне демалыс кезі үшін жәрдем оқу орны есебінен төленеді.

11. Оқу орнын бітірген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оқу кезінде мемлекет толық қамтамасыз еткен балаларға оқу орындары жұмысқа жіберген кезде бекітілген нормативтерге сәйкес белгіленген тізбедегі киімді, аяқ киімді, жұмсақ мүкәммал мен жабдықтарды сатып алу үшін ақшадай жәрдем береді. Оларды жұмысқа қабылдаған кәсіпорындар, ұйымдар өз қаржылары есебінен 5 орташа айлық жалақы мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек береді.

Ескерту. 11-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің

1995.03.31 N 376 қаулысы бойынша.

12. Оқу орындарының жүкті болуына немесе бала тууына байланысты демалыста жүрген немесе 3 жасқа толмаған балалары бар түлектеріне олардың өтініші бойынша занда белгіленген тәртіппен оқу мерзімін ұзарта отырып, жәрдем төленетін демалыс беріледі.

13. Жас мамандар некеге комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін тұрған жағдайда ерлі-зайыптылардың жұмыс орнын-кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында

оларға жұмыс беріп отырған министрліктер мен ведомстволар арасындағы уағдаластық бойынша, ал келіспеушіліктер болған ретте-қарамағында оқу орны бар министрлік немесе ведомство жас мамандарды неғұрлым орынды пайдалануды мақсат тұта отырып белгілейді.

14. Жүкті, емізетін немесе 3 жасқа толмаған баласы бар жас маман аналарға жұмыс олардың өтініші бойынша отбасы (күйеуі, ата-анасы) тұрақты тұратын жерде беріледі.

15. Зейнеткер, мүгедек ата-анасы бар жас мамандарға, отбасында еңбекке жарамды басқа адамы болмаған жағдайда, олардың өтініші ескеріліп, ата-анасының тұрақты тұратын жерінен жұмыс беріледі.

16. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Ұлттық хауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігі органдарының офицер құрамдағы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ мерзімнен тыс қызметтің прaporщиктерінің, мичмандары мен әскери қызметшілерінің жас маман әйелдеріне (күйеулеріне) мамандығы бойынша істейтін жұмыс болған жағдайда олардың күйеуі (әйелі) тұрақты қызмет өткеріп жүрген жerde жұмыс беріледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің жұбайларына, сондай-ақ әскери училищелердің курсанттарына Ереженің осы тармағы қолданылмайды.

17. Басқа жерге жұмысқа жіберілген жас мамандар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері келгеннен кейін тұрғын жаймен кезектен тыс қамтамасыз етіліп, оны пайдалану жөнінде тұрғын үй жалдау шарты жасалады. Жатақханадағы орын (отбасына арналған бөлме) немесе жалға алынған үй жас маман мен оның отбасы мүшелерін тұрғын алаңмен қамтамасыз етудің уақытша шарасы болып табылады. Егер жас мамандар оқу орнына түскенге дейін жатақханада немесе жалға алған тұрғын алаңда болса, бұрынғы тұрған жеріне жұмысқа жіберілген жас мамандар тұрғын алаңмен осындай тәртіп бойынша қамтамасыз етіледі. Барған жерінде жұмысқа жіберу туралы куәлікте көрсетілген тұрғын алаңмен нендей бір себеппен қамтамасыз етілмеген жас мамандар бұрынғы кәсіпорындарда, үйымдар мен мекемелерде жұмыс істеп жүрсе, сол кәсіпорындағы, үйымдағы, мекемедегі жұмыс мерзіміне қарамастан тұрғын аланды кезектен тыс алу хұқын сақтайды.

18. Кәсіпорындардың, үйымдар мен мекемелердің басшылары тұрғын үйге мұқтаж жас мамандардың оны сатып алуына немесе салуға арналған ұзақ мерзімді несие алуына жәрдем көрсетеді.

19. Оқу орындарын үздік бітірген барлық түлектерге неғұрлым жоғары айлықлауазымдық жалақы схемасы шегінде белгіленіп, аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы бірінші рет өзгертілгенге дейін сақталады.

20. Жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарын бітіріп, белгіленген тәртіп бойынша сол кәсіпорынға, үйымға, мекемеге жіберілген жас мамандарды кәсіпорын, үйым, мекеме жұмысқа алушан бас тартқан жағдайда жас мамандардың негізсіз бас тартуға

сот тәртібімен шағым жасауға хұқы бар.

21. Жұмысқа өз бетінше немесе халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік қызметтің жолдамасымен орналасып, мамандығы бойынша жұмысқа қабылданған түлектерге жұмысқа жіберілгені туралы куәлік тапсырылып, жас маманның хұқы беріледі.

(22-тармақ)

<*>

Ескерту. 22-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.04.07.

N 424 қаулысымен.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының
түлектерін жұмысқа орналастыру және оларды
әлеуметтік-хұқылық қорғау туралы Уақытша
ережеге
N 1, 2 қосымшалар